

PRODUCTIVITY AND RESISTANCE SORT VARIETIES TO PESTS OF GREENHOUSE CUCUMBER IN A PROTECTED GROUND OF KAZAKHSTAN'S SOUTH-EAST

Summary In a scientific paper presents results of research on cultivar investigation on culture cucumber greenhouses in the conditions of a submontane zone of the south-east of Kazakhstan. Identified and recommended varieties and hybrids of greenhouse cucumber with high productivity and resistance to pests. Two new hybrid of greenhouse cucumber (KazRIPV-1 F1 and AiSer F1), distinguished by a complex agronomic-valued characters, transferred to the State variety trials.

Keywords: protected ground, cucumber, cultivar investigation, pests, productivity.

УДК 332.33:004

Омашова Г.А.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕР – КАДАСТРЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУДЕГІ АҚПАРТТЫҚ ЖҮЙЕНІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа

Мақалада жер-кадастрлық жұмыстардың тізбесі қарастырылып және осы саладағы қолданылатын жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің маңыздылығы сарапталған.

Кілт сөздер: жер қоры, жер кадастры, жер учаскесін тіркеу, мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы мол жер ресурстарына ие. Біркелкі мемлекеттік жер қоры 272,5 млн. га құрайды. Мемлекеттік жер қоры 14 облыс және 2 қала (Астана және Алматы) арасында бөлінген. Республика территориясында 8 табиғи-шаруашылық аумақ пен 2 табиғи-шаруашылық облыс бөлініп отыр. Жерлердің көбі шөл (112,2 млн. га), шөлейт (37,3 млн. га) және дала (62,4 млн. га) аумақтарында. Барлық жер қоры жеті санатқа (бөлінеді, оның 34,4%-ы – ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер, 43,9%-ы мемлекеттік қордағы жерлер, 7,5%-ы - елді мекендердің жерлері, 4,1%-ы - өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер, 4,0%-ы - орман, 1,3%-ы - су қорлары, 0,55 %-ы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері. Республикамыздың табиғи шаруашылық жағдайы бірдей емес және әкімшілік бөлімдері көп.

Мемлекеттік жер кадастры Қазақстан Республикасы жерінің табиғи және шаруашылық жағдайы, жер учаскелерінің орналасқан жері, нысаналы пайдалануы, мөлшері мен шекарасы, олардың сапалық сипаттамасы туралы, жер пайдаланудың есепке алынуы мен жер учаскелерінің кадастрлық құны туралы мәліметтердің өзге де қажетті мәліметтердің жүйесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыруды жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен оның аумақтық органдары жүзеге асырады [1].

Мемлекеттік жер кадастры Қазақстан Республикасының мемлекеттік кадастрлар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган өздеріне қатысты алғанда мемлекеттік басқару органы болып

табылатын, мамандандырылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында бірыңғай жүйе бойынша жүргізеді.

Мемлекеттік жер кадастры аэрофототопографиялық, фотограмметриялық, кадастрлық суретке түсіруді, жобалау-іздістіру, картографиялық және бағалау жұмыстарын, топырақты зерттеу, геоботаникалық және басқа да зерттеулер мен іздестірулер, жер мониторингін, жерді мөлшерлік және сапалық есепке алу және мемлекеттік жер кадастрын жүргізуге байланысты басқа да жұмыстар атқару арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік жер кадастрының деректерін есепке алу мен оларды сақтау бірлігі тұйық шекарада бөліп шығарылған, белгіленген тәртіппен жер құқығы қатынастарын субъектілеріне бекітілген жер учаскелерінің нысаналы мақсатына және оларды пайдаланудың рұқсат етілген сипатына қарамастан, Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан жер учаскелері мемлекеттік кадастрлық есепке алу жатады.

Мемлекеттік жер кадастры Қазақстан Республикасының мемлекеттік кадастрлар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган өздеріне қатысты алғанда мемлекеттік басқару органы болып табылатын, мамандандырылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындар ҚР бүкіл аумағында бірыңғай жүйе бойынша жүргізеді.

Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтері мемлекеттік ақпараттық ресурс болып табылады.

Жер кадастры аэрофототопографиялық, фотограмметриялық, кадастрлық суретке түсіруді, жобалау-іздістіру, картографиялық және бағалау жұмыстарын, топырақты зерттеу, геоботаникалық және басқа да зерттеулер мен іздестірулер, жер мониторингін, жерді мөлшерлік және сапалық есепке алу және мемлекеттік жер кадастрын жүргізуге байланысты басқа да жұмыстар атқару арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік жер кадастрының деректері жерді пайдалану мен қорғауды жоспарлау кезінде, жерге орналастыруды жүргізу, шаруашылық қызметті бағалау және жерді пайдалану мен қорғауға байланысты басқа да іс-шараларды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ жердің бірыңғай мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, құқықтық және басқа да кадастрлық жүргізу, жер үшін төлем мөлшерін айқындау, жылжымайтын мүлік құрамындағы жер учаскелерінің құнын және табиғи ресурстар құрамындағы жердің құнын есепке алу үшін негіз болып табылады [1].

Жер-кадастрлық жұмыстарда, өмірдің кез-келген саласындай ақпарат орындалатын жұмыстың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және өте жиі қолданылып, маңызды рөл атқарады. Бұл қызмет күрделі әрі қымбат процесс болып табылады. Нарықтық экономика талаптарына сәйкес жер нарығының болашақ дамуы жайлы объективті әрі қолжетімді ақпаратқа деген қажеттілік артуда.

Жер кадастрының мақсаты – жер учаскесін тіркеу, есепке алу, бағалау болғандықтан орталықтандырылған ақпараттық жүйенің маңызы зор. Ақпараттық жүйе жұмыстың бірыңғайлығын, қолжетімділігін және объективтілігін қамтамасыз етеді [2].

Жер кадастрының мазмұны және оны жүргізудің белгіленген тәртібі еліміздің барлық аймақтарына міндетті Мемлекеттік жер кадастрының объектісі Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік жер қоры болып саналады. Мемлекеттік жер кадастры осы қордың толық саны және сапалық сипаттамасын беруге және жерлердің табиғи, шаруашылық, құқықтық жағдайы туралы дұрыс, қажетті мәліметтер жиынтығынан тұруға тиісті.

Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің республикалық орталығы РМК «ЖерҒӨО-ның» құрылымды бөлігі болып табылады. Орталық Қазақстан Республикасы әкімдігінің 2000 жылғы 30 маусымдағы № 991 «Қазақстан республикасының салық төлеушілерінің біркелкі автоматтандырылған деректер банкі құру туралы» және 2000 жылғы 25 қыркүйектегі №1449 «Сандық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру туралы» қаулысы, «ЖерҒӨО» 2003 жылғы 17 ақпандағы № 24 бұйрығы негізінде мемлекеттік жер кадастрының деректер қорын жүргізу және жүйелеу, жинау, алып жүру, енгізу мақсатында құрылды [4].

Жобаның негізгі міндеттері болып :

- мемлекеттік жер кадастрын құру аймағында мемлекеттік саясаттың нормативтік базасын жетілдіру мен әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің қазіргі заманғы әдістерін қалыптастыру;

- жерді тіркеу және бағалау жұмыстарын жүргізу барысында олармен байланысты жылжымайтын мүлік пен меншіктің барлық нысанындағы жер учаскелерін мемлекеттік кадастрлық есепке алуды орнату, кадастрлық есептің объектілері туралы автоматтандырылған деректер базасын құру;

- мемлекеттік мекемелерде мемлекеттік жер кадастрының бағдарламалық-техникалық кешенін, қазіргі отандық ақпараттар технологиясы мен бағдарламалық жабдықтарды, ақпараттарды қорғау құралдарын, қалыптастыру процесінде автоматтандыруды қамтамасыз етуді, жер учаскелерін бағалау мен есепке алуды жандандыру;

- қалыптасумен, мемлекеттік тіркеумен, техникалық түгендеумен, бағалаумен, құқықтарды тіркеумен, салық салумен, басқару және жер мен жылжымайтын мүлікті иеленумен, электронды алмасу арасындағы мәліметтер жүйесін құруға байланысты ақпараттық жүйені қатар қолдануды қамтамасыз ету.

Өз уақытысында және сапалы етіп міндеттерді шешіп, жер ресурстарын басқаруды қамтамасыз ету, жер кадастры жерге орналастыру, жер мониторингі, топографиялы, геодезиялық, топырақтық, геоботаникалық, гидрогеологиялық және басқа іздестірулер, көптеген қолданбалы міндеттері шешуді жедел іздестіру және үлкен көлемдегі ақпараттарды пайдалану қажеттігі туындайды. Бұл ақпараттарды өңдеу, сақтау, және пайдалануды қазіргі есептеуіш және телекоммуникациялық желіні пайдаланбау мүмкін емес, ол үшін Республикада жер ресурстарын бірыңғай ақпараттық есептеу жүйесін құру қажет. Біздің байқауымызша бұл қызметтерді Республикада қалыптасушы жер кадастры автоматтандырылған ақпараттық жүйесі табысты орындалады [2].

Жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құрудағы басты мақсат жер ресурстарын басқаратын барлық саоланың өнімділігі жоғары компьютерлік технологияларды пайдаланып жүргізетін жер кадастрының жаңа тәсілдерімен формаларына көшу болып табылады.

Автоматтандырылған автоматтық жүйеге сәйкес келетін мәліметтер базаларының жер ресурстары туралы барлық деңгейлерде мекемелермен қызметтер, тиісті министрліктермен ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар арқылы сақталатын және пайданылатын ақпараттарды шоғырланады.

Жер кадастры автоматтандырылған ақпараттық жүйе дегеніміз - бұл күрделі көп мақсатты көп деңгейлі көп қызметті үздіксіз дамитын ұйымдастырушылық технологиялық жүйе. Оған кіретіндер :

- жер ресурстарын басқару процесінде ең жоғарғы толық ақпараттық;
- аз уақытта басқарудың барлық деңгейінде ақпараттың өтуі;
- жерді пайдалану жүйесінде басқарудың ең жоғарғы ықпалы;
- басқару жүйесіндегі болып жатқан барлық өзгерістерді дер уақытында байқау және есепке алу.

- жер ресурстарын басқару мақсатында мемлекеттен бөлінген құралдарды тиімді пайдалану;

ЖКААЖ республикалық орталығының негізгі міндеттері:

- республиканың жер ресурстарын басқару процестері туралы ең жоғарғы толық ақпарат;

- елдің жер ресурстары жәйлі және пайдалану мәліметтер банкісін белсенді күйде қолдану және жүйелеу;

- заң және орындаушы органдарының және ведомстволарды ұйымдарды жер кадастры мәліметтер дер кезінде сапалы қамтамасыз ету;

- мемлекеттік жер кадастрының жүргізудегі негізгі компьютерлендіру және ақпараттандыру және анықтау;

- ақпаратты жүйелеу және кодтаудың жергілікті классификацияларды өңдеуді құжаттарды үйлестіруші формаларының біріңғай жүйесін құру және енгізу;

- ЖКААЖ қызметшілерінің оқыту және санатын көтеру;

- ЖКААЖ және басқа деңгейдегі ақпараттық жүйе құралдарын пайдалануды енгізуге байланысты жұмыс үйлестіру,

ЖКААЖ республикалық орталығы қазіргі уақытта жаңа құралдармен жабдықтауда және қалыптасуда [4].

Жер кадастрлық құжаттарды жүргізу және жер оны бөлу туралы жыл сайынғы есепті дайындау ең көп еңбекті қажет етеді. Кадастрлық мәліметтерді алу және дайындау жұмыстарды дерлігі кезеңімен әртүрлі деңгейді орындалатын зертеуді көрсету ол ақпараттарды өңдеді деңгейлеп жүргізу мүмкіндігін жасайды. Кіріс және шығыс құжаттары пайда болады. Көбінесе кейбір құжаттар бір деңгейде кіріс, ал басқасында шығыс құжаттары болып табылады. Жер кадастрлық мәліметтерді өңдеуде шешілетін негізгі міндеттер төмендегідей:

Жер учаскелерін тіркеу кезінде жер кадастрлық іс барлық құжаттармен жүзеге асырылады да, жер учаскесі туралы барлық ақпарат бағдарламаға сай параллель түрде компьютерлерге енгізіледі. Бұл ақпаратты түрде ақпараты сақтай қоймай, онымен жұмыс істеуге, яғни жердің негізгі және ағымдағын жүргізуге сол сияқты барлық пайдаланылатын жер түрлері. Категориялары бойынша тек алаңның ғана емес, сапалық сипатын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта жер учаскелерін тіркеу негізгі және ағымдағы есепке алу, барлық деңгейде есепті дайындау толықтай автоматтандырылған. Жер учаскелері бойынша ЖКААЖ жүргізуде міндетті тізбесі:

- жер учаскесінің кадастрлық номері;
- әкімшілік аудан;
- учаскенің орналасқан жері және суреттелуі,
- мақсаттық белгілеулері,
- бөлінуі;
- пайдалану шегі және қыыншылықтар;
- учаске алаңы және тағы басқалар.

Автоматтандырылған есепті жүргізуге қатысты алсақ қазіргі уақытта мемлекеттік статистикалық есепті жүргізу, яғни жер және категорияларға, жер учаскелерінің иелеріне, жерді пайдаланушылармен пайдаланылатын жерге бөлу есебін ағымдағы жылдың бірінші қарашасында аудан, қала, облыс, республика деңгейінде қосымшалармен бірге автоматтандырылады [3].

Әдебиеттер

1. Сейфуллин Ж.Т., Абельдина Р.Қ., Нюсупова Г.Н. Жер кадастры (оқу құралы) – Алматы: Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2011.
2. Сейфуллин Ж.Т. «Жер кадастры», Алматы.: ҚазҰАУ, 2001
3. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.09.2003 жылғы 958 Қаулысы
4. Интернет көздері :<http://www.aisgzk.kz/aisgzk/kz/content/1-1/>

Омашова Г.А.

ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ ПРИ ВВЕДЕНИИ ЗЕМЕЛЬНО-КАДАСТРОВЫХ РАБОТ

В данной статье были рассмотрены основные виды земельно-кадастровых работ и был analyzed важность автоматизированной информационной системы земельного кадастра.

Ключевые слова: земельный фонд, земельный кадастр, учет земельного участка, автоматизированная информационная система земельного кадастра.

Omacheva G.

INNOVATIVE DEVELOPMENT INFORMATION SYSTEM OF LAND CADASTRE IN THE INTRODUCTION OF CADASTRAL WORKS

This article discussed the main types of land cadastral works and was analyzed important automated information system of land cadastre.

Keywords: land fund, land registry, registration of land plots, automated information system of land cadastre.

УДК 556, 53(574)

**Орынтай Ж.О., Нарбаева К.Т., Исмаилова Г.К.,
Нарбаев М.Т., Нарбаев Т.И.**

Казахский национальный аграрный университет, Алматы

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СУЩЕСТВУЮЩИХ И РАЗРАБОТКА НОВЫХ КРИТЕРИЕВ ДЛЯ КЛАССИФИКАЦИИ РЕК РАВНИННОЙ ЧАСТИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье изложены классификации категории рек равнинной части речной сети Казахстана, анализ существующих критериев и предложены новые критерии.

Ключевые слова: средний многолетний расход, площадь водосбора, гидролого-гидрографические показатели, категории рек.

Введение

Основной целью классификации речной сети является определение категорий рек и водотоков, отражающих их природные особенности, для обеспечения наиболее эффективной разработки водохозяйственных мероприятий в интересах рационального использования и охраны водных ресурсов. В работах Ф.В. Шкаликова [1], С.А. Вендрова и др. [2], А.М. Владимировой [3], С.С. Сахариева [4] для классификации рек и водотоков используются следующие характеристики: климатические условия, характер меженного периода, гидрологический режим, размер площади водосбора и длина реки, водности и т.д.

В бывшем СССР в основном применялись два количественных критерия, с помощью которых равнинные реки делились на малые, средние и большие – это длина реки и площадь водосбора.

В бывшем государственном стандарте СССР 19179-73 (Гидрология суши. Термины и определения 1973) и в Энциклопедическом словаре, «географических терминов» (1968) к малым рекам относятся реки с водосборной площадью не более 2000 км², а вот в издании Госкомгидромета СССР по водным ресурсам (Ресурсы поверхностных вод СССР) к малым